

# ЖАРКЕНТ



## Айнасы

№1(1), 5 қазан, жұма, 2018 жыл, jar-aina@mail.ru

### «ЖАСЫҢ НЕШЕДЕ ЖАРКЕНТ?..»



**Молот СОЛТАНАЕВ,**  
ақын, ҚР Білім беру ісінің үздігі,  
Қазақстан Журналистер одағының  
мүшесі, «Жаркент айнасы» газетінің  
Бас редакторы.

#### ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, «ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ»

Елімізде қоғамдық қарым-қатынастардың түбегейлі өзгеруі – жүріп жатқан экономикалық, мәдени, әлеуметтік мәселелерге жаңаша көзқараспен мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарауға жетелейді. Тәуелсіздік – еркіндіктің есігін ашқаннан кейін өмірдің көптеген саласына жаңаша ойымен кемелді көзқарасымен қарауға ұмтылыс тудырады.

Қазақ жерін Ресей отаршылдары жаулап алған он сегізінші ғасырдан бастап олардың жаулаушылардың тұлғаларын ұлықтап, өмір салтын, тарихын, мәдениетін кезең-кезеңімен тізбелей дәріптеп, ұрпағымызға үлгі тұтқызып келдік. Азаттық үшін күресте ерлер еңбегі ескерілмей, ұлағатты, ғибратты, тәрбиелі нақылдарына көненің қалдығы, кертартпа ойға апарады деп санадан ысырдық.

Оқырман құзырына тыңнан ой тартқан газетті «Жаркент айнасы» қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық апталық деп атауымыздың да өзіндік себебі, нар көтерер жүгі бар. Ұлан-ғайыр қазақ жеріндегі азаттық үшін алысқан, елдің елдігін сақтап қалуға үлес қосқан мыңдаған айтулы даналық пен даралықты ұстанған азаматтардың арасынан біздің Жаркент өңірінің ардақтылары да орын алады. Ата-бабаларымыз аманаттап мұраға қалдырған қасиетті жеріміздің бір бұрышында кейінгі ұрпаққа қалдырған мол еңбектерін осы апталық арқылы қастерлеп елге жеткізу біздің адамдық әрі азаматтық парызымыз. Өйткені Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Біз ұлттық мұрадан ешқашан бас тартпаймыз. Қалай болса да, ол – біздің ортақ тарихымыз».

(Жалғасы 2-бетте)

▶ 4-5 бет

#### ▶ Кұрмет

## ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Әр жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтілетін, әлемдік тарихтағы ұлы тұлғалардың жанына ізгілік пен саналылықтың дәнін сепкен – ұстаздардың кәсіби мерекесі құтты болсын! Бұл барша жұртқа қуаныш пен шаттық сыйлайтын орны бөлек мереке!

Құрметті, Қазақ елінің ұстаздары! Тұрар Бақышұлы басқаратын Панфилов аудандық Білім бөлімі мен аудан, облыс аумағындағы ұлт келешегінің бағбандары, аяулы да ардақты мұғалімдер, барлықтарыңызды мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеп, еліміздің атын ұлықтап, көк туымызды зеңгір көкте желбірететін,

Қазақ елін әлемге танытатын талантты да білімді шәкірттеріңіз көп болсын деген ақжарма тілегімізді білдіреміз.

Қай ел, қай жерде болмасын адамзат қоғамының бәрінде де шәкірт оқыту мен оған саналы тәрбие беру үрдісі ұлағатты іс екендігі баршамызға аян. Білім саласының негізгі тірегі, әр мектептің жүрегі болып жүрген еліміздің келешегін өз қолдарымен, барлық ерік – жігерлі еселі еңбегімен қалап жатқан ұстаздарымызға шын пейілмен зор алғысымызды білдіреміз! Үнемі ұрпақ тәрбиесіндегі толайым еңбектеріңізді ұлықтап, сіздерге ізгі ниетпен,

айрықша құрмет көрсету де біздер үшін үлкен өнегеліктің үлгісі. Жас жеткіншектер тәрбиесінде өзіндік қолтаңба қалдырып жүрген мұғалімдер қауымын «Жаркент айнасы» газетінің ұжымы барша шәкірттері мен ата-аналары атынан шын жүректен құттықтайды.

Өз мамандығына шынайы берілген, өз кәсібінің шебері ақжүрек ағаларымыз бен апайларымызды мұғалімдер күнімен тағы бір рет ақ адал көңілімізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Редакция алқасы



Халқымызға ғана емес дүние жүзінің көптеген елдерінің тілдеріне аударылып, көздері ашық, көңілдері ояу, оқығандары данышпандығын мойындаған хакім Абай өз ойындағысы орындалмағандығын біліп, ашына «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» – деп жан толқыта бастаған өлеңі талай түйіні тарқатылмай келе жатқан жағдаяттарға жетелейді.

Жаһандық өркениеттің бастауында болған Еуразия кеңістігіндегі этномәдениеттің үрдісіндегі орталықтардың біріне айналған көрікті әрі адам баласының өмір сүруіне, тіршілігіне қолайлы өңір – Жетісу аймағы. «Жер тарихы – ел тарихы» дейді тұмысынан ойшылдықты өміріне серік еткен халқымыз. Ұланғайыр ұлы даланы мекендеген қазақ ұлтының қалыптасуының ұйтқысы болған Сақтар,



Үйсіндердің қыш көзесі. Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ.


Басқұнша ауылы

## ЖАРКЕНТ ШҰРАТЫНДАҒЫ ҮЙСІН МӘДЕНИЕТІНІҢ ІЗДЕРІ

Ғұндар, Үйсіндер одан кейінгі Көктүріктердің өмір сүру табиғатын, тұрмыс-тіршілігі мен тарихи мұраларын зерттеу, зерделеу қазіргі күндері алдыңғы орынға шығып отыр. 2013 жылдан бастап еліміздің көптеген аймақтарында мәдени мұраларды зерттеу мақсатында археологиялық қазба жұмыстарының кеңінен қанат жаюы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бақылауымен жүзеге асырылып келе жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасының аясындағы жұмыстар.

Ежелгі дәуірдің мұрасын зерттеуде Қазақстанның барлық аймағында қазба жұмыстары жүргізіліп, табылған заттар ел тарихына бағасына құн жетпейтіндей үлес қосуда. Еліміздің өткенін зерттеп, ой елегінен өткізбейінше болашақты бағамдау қиынға соғатыны рас. Еліміздегі Жетісу жеріндегі археологиялық мұралардың дені Сақ қорғандары, Үйсін обалары, олардың тұрақтары, балбал тастар, қорымдар, ежелгі қалалардың сыртын қоршаған бекіністердің құландылары, кен өндіру орындары, суландыру жүйелерінің сілемдері. Академик К.М. Байпақов 2005 жылғы «Қазақстанның ежелгі қалалары» және 2010 жылы баспадан шығарған «Алматы қаласының археологиялық мәдени мұрасы» атты монографиялық еңбектерінде Жетісу өңіріндегі көптеген қазба жұмыстардан ақпараттарды беретін тас, қола дәуірінің, ерте дәуірдегі мемлекеттердің археологиялық және көшпенді халықтардың ескерткіштеріне жеке-жеке сипаттама жаза отырып, бұл мұралардың еліміздің тарихындағы алатын айрықша орны бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар мәдени мұраларды сақтау, оларды ұлттық құндылықтар ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыруды сөз етеді.

Үйсіндер туралы алғашқы деректер б.з.д. II ғасырдан бастап қытай жылнамаларында көптеп сөз болғандығы белгілі. Үйсіндердің қуатты да әрі ауқатты мемлекет екендігі жайлы алғашқы деректер б.з.д. II ғасырдың соңғы кезеңінде көптеп шыға



Үйсіндердің қыш көзесі. Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ.

Басқұнша ауылы

бастағандығы үйсін мемлекетінің қытаймен көршілес тайпаларға қарағанда Хан патшалығы үшін орасан зор маңызы бар екендігін көрсетеді. Қытайдың Хан әулеті кезіндегі жазылған үйсіндер туралы жазбаларында «Хан патшалығы тарихы», «Батыс өңір шежіресі» деректеріне көңіл аударсақ «Үйсіндер Іле алқабына қоныс аударған...» деген мәліметтерге сүйену арқылы көптеген мәселелердің басын ашуға мүмкіндік аламыз. Халықтар әлі де сыртқы, ішкі жағдайлардың ықпалынан аумалы-төкпелі кезеңдерді бастан өткерген алмағайып кезеңдер уақыты дерлік еді. Іле алқабының Жаркент аймағындағы үйсін тайпаларының тұрағы мен олардың мекендеген жерлерінің маңындағы обаларға көп зерттеулер

жүргізілмеген. 2010 жылы 17 маусымда облыстық «Жетісу» газетінде «Алматы облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Алматы облысы әкімінің қаулысында біз сөз еткелі отырған үйсіндердің обаларының шоғыры көрсетілмеген.

Үйсін обаларының үлкен қорымы Панфилов ауданы Басқұншы ауылының солтүстік батысындағы көлемді жерді қамтыған Көкжазық аталатын алқаптың шығыс жағын, Қорғас өзені аңғарының батысындағы қыраттың үстін тұтастай алып жатыр. Ғалымдардың назарынан бұл жерде жатқан үйсін обаларының тыс қалуының өзіндік себебі де жоқ емес. Жаркент аймағы кеңес үкіметі дәуірлеп тұрған кезінде Қытай Халық Республикасымен шекаралас өңір болғандықтан өзге облыстардың адамдары түгелі осы ауданның жергілікті тұрғындары зор әурешілікпен арнайы өткізу қағазымен жүріп тұратын. Ал Алмалы мен Басқұншы ауылдарына өту азаптың азабы еді. Осындай қолдан жасалған қиындықтар кезінде арнайы жабдықталған экспедицияның өтуі мүмкін емес еді. Оған тек Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы рұқсатымен ғана жүретін. Ал мұндай рұқсат құжатты жылдар бойы күтуге мәжбүр болатын. Уақыт бәрін де өз құзырына алады емес пе? Ел өз тәуелсіздігін алғаннан соң ежелгі дәуірден бергі елдің тарихын зерттеуге үлкен мүмкіндік беріліп отыр.

Менің де туған елдің өткеніне көз жіберіп, осы өңірді кімдер, қай кезде мекендеді, қалай өмір сүрді, қандай салт-дәстүрді ұстанды, үйсіндер қай тілде сөйледі деген сан сауалдар ойландыра бастады. Ежелгі үйсін обалары бар біраз елдімекендерді, көне атаулы жерлерді аралап, олардың орналасуы, көлемі, сол төңіректен табылған әртүрлі жәдігерлерді жинастыра жүріп, ол жөніндегі мәліметтерді баспасөз бетіне жариялап жүрдім. Сондай кездің бірінде археолог, академик К.М. Байпақовқа хабарласып, өзіндегі жинақталған үйсіндердің қоныстарынан табылған әртүрлі жәдігерлерді таныстыру мүмкіндігіне ие болдым. 2015 жылы академик К.М. Байпақов америкалық археологтар: доктор Стивен Гильбертті, профессор Стивен Ортизде Том Дэвисти және археолог Д.А. Воякинді алып, жолығуға келді. Алмалы ауылының жанындағы «Гелиос» қонақ үйіне орналасқан соң Карл Молдахметұлы менің қолымдағы жинақталған жәдігерлерді алдыртып, түгелдей қарап шығып, олардың б.з.д. III–II ғ.ғ. үйсін дәуіріне жататындығын атап берді. Жинақталған жәдігерлер түгелдей ежелгі үйсін мемлекетінің орталығы Шығу – деп мен жазып жүрген Басқұншы ауылының ішінен әр кездердегі ауыл тұрғындары жер қазған кезінде табылған айғақтар еді. Табылған заттар ұлттық құндылыққа жататындықтан Алматы қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және археология институтының мамандары естіп, хабарласып, өздеріне сақтауға алатындығын айтқанмен әлі нәтиже жоқ. Осы жылдың шілде айының аяғында академик К.М. Байпақовтың тапсырмасымен осы институттың ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Д.Тәлеев ғылыми сапармен келіп Көкжазықтағы Басқұншы ауылының ішіндегі үйсін обаларының орналасуын, ретін түгелдей аралап көріп, менің тұжырыммен келісетіндігін, Үйсін патшалығының орталығы Шығу (Қызыл аңғар) қаласының орны осы жер деген сенімде болды. Болашақта қазба жұмыстарына қаржы қарастырылып, зерттеу жүргізілсе, еліміздің тарихының беттеріне жаңалықтар қосылып, ақтаңдақтар азаюы әбден мүмкін. Жаркент өңірінде үйсін мәдениетінің бұдан басқа да іздері баршылық. Өсек өзенінің батысында жатқан қарағаш тоғайының арасында «Даңғырлақ» өзенінің солтүстік батысы мен Үшарал ауылының солтүстігінде жатқан Түрген тоғайының арасында

үйсін обалары әлі көп ғалымдардың назарына ілікпей тұрған жұмбақ көмбелер. Өсек өзенінің ең басында орналасқан Еңбекші ауылының маңайынан жер қазған кезде табылған қыш құмыралардың сынығы ол жердің де ежелгі үйсін қонысы екендігін білдіреді. Жаркент – Алматы тас жолының бойындағы Диханқайрат ауылына бұрылатын жол бойында да көптеген қорымдар болған. Кезінде әлдекімдер осы обаларды өзгеше оймен қазған кездерінде жер астынан көптеген саздан, қыштан жасалған құмыралар, олардың сынықтары, тастан жасалған заттар шыққан. Бірақ оның тарихына үңіліп, мән беріп, жинап, сақтап қойған ешкім болмаған. Осы дүниелерді көзбен көрген адамдар әлі де баршылық.

Арқас тауының бөктерін жағалай орналасқан үйсін обаларының тізбегі Сарыбел ауылының солтүстігіндегі Көлтөкшеде (осында Азантабе деп

аталатын үлкен үйсін қорғаны да бар) кездеседі. Шежин ауылының солтүстігіндегі төбе бауырында да бірнешеуі бар. Арқас тауының бауырында жатқан Сарытаудың қыратты төбелерінде Мойынши деп аталатын бұлақтың солтүстік жағындағы қырат үстінде ерекше обалар орналасқан. Олардың үстіне шағындау сын тастар орнатылған. Үштен-беске дейін үлкенді – кішілі обалардың тізбелері жатыр.

Үйсін мемлекеті б.з.д. III ғасырдан б.з. V ғасырына дейін өмір сүрген. Толассыз сапырылысқан ұрыс – қырқыстардан әлсіреп, басып кірген тайпалармен араласып, олардың кейбіреуін өздеріне сіңіріп алып отырған. Десе де, тереңнен тартылған тарихтың сірі жібі үзілмей үйсіндер қазірге дейін жетіп отыр. Оның ақиқаты тілімізде үйсін атауының, үйсін ұрпақтарының сақталып қалуы. Және бір көңіл аударып қарап өтетін мәселе – үйсіндердің тілі. Тарихшылар, тілшілер жалпы ғалымдар сақтардың, ғұндардың, үйсін – қаңлылардың нақты қай тілде сөйлегені туралы өте бір ашыла пікір айтпайды. Мен де көптеген сөздердің этимологиясына үңіле жүріп, кейбір сөздердің бастапқы үйсіндер қолданған мағынасынан онша ұзай қоймағандығын анықтадым. Мысалы: Жалаңаш аймағында «Қобының жазығы» деген жер атауы бар. Қытай жерінде көлемді жерді алып жатқан Гоби шөлі салыстыра келе екеуінің үйсіндердің немесе түркілердің «кебу», «сусыз», «шөлді» деген мағына беретіндігіне тоқтадым. Сол сияқты қытайдың «Гансу» атауы да қытайланған көшпенділердің «Кеңсу» атауынан туындауы мүмкін. Үйсіндер туралы 2007 жылдары жазылған мақаламда да үйсін атауы ретінде Шонжы туралы айтып өткенмін. Үйсін патшасы Елжау би немересі Жөншіге қытай ханшайымын қосады. Осындағы Жөнші атауы үйсіндердің сәл дыбыстық өзгерістермен бізге жеткен Шонжы атауымен сабақтас тәрізді.

Ізсіз-түзсіз жоқ болып кететін халық болмайды, қалай болғанда да олардың өмір сүрген кезінен аздап болса да белгілер қалады. Кезінде қытайдың Хан әулетінің өзі қуатымен санасқан үйсіндер отырықшы тұрмыс кешкен, қала салған яғни топырақтан там үйлер тұрғызып, қолөнершілдікпен, егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысқан. Оңтүстік өңірлердегі орта ғасырлардағы көптеген қалалар ежелгі үйсін қоныстарының үстіне салынғандығын, қазба жұмыстары үстінде табылған археологиялық жәдігерлер растап беріп отыр.

2016 жылдан бері Ш. Уәлиханов атындағы тарих және археология институтының археологтары академик К.М. Байпақовтың басшылығымен Панфилов ауданының Үшарал ауылының солтүстік жағындағы XIII–XIV ғ.ғ. жататын қираған қаланың орнына қазба жұмыстарын жүргізуде. Көне қаланың сыртын қоршаған биіктігі соны аңғартады. Бұл қазба жұмыстары келесі жылдары да жалғасын табады.

Айтпағым, сөз басындағы келтірілген данышпан Абайдың өлеңіндегі айтылған жайды ойдан ұшырмау. Түп – тұқиянымыз болып келетін, негізіміз болып келетін үйсіндер тарихын тоқтатпай, қозғай беруіміз қажеттілігі туындап тұр.

**Молот СОЛТАНАЕВ,**  
ақын, ҚР Білім беру  
ісінің үздігі,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі,  
«Жаркент айнасы»  
газетінің Бас редакторы.



# «ЖАСЫҢ НЕШЕДЕ ЖАРКЕНТ?..»

**А**та-бабаларымыз әлмисақтан қоныс еткен Жетісу өлкесінің тарихы бай, құпиясы да мол. Бұл – күміс көмей, жезтаңдай өнерпаздарымыздың ән әуенімен тербеліп, аузы дуалы арқалы ақындарымыздың өлең-жырына арқау болған құтты аймақ. Сондай-ақ, ұлтының келешегі мен елінің бүтіндігінің ұйытқысы болған хандарымыздың, бір сүйем жерін басқыншы жауларға бермей елі мен жері үшін жанкештілік ерлік көрсеткен жаяу батырларымыз бен қара қылды қақ жарған би-шешендеріміздің киесі, алтын қазығына айналған жерұйық – Атамекен!

Демек, біздің арғы бабаларымыз болып табылатын осы аймақтағы ежелгі дәуірдің тұрғылықты адамдары көбіне Шу, Талас, Іле, Көксу, Ақсу, Қаратал, Бурақожыр, Өсек (Үсек – көне түркі тілінде «Су Ана» дегенді

жоққа шығарды. Мысалы: б.з.б. VIII ғ. – б.з. III ғ. дейінгі уақытта даланың азиялық бөлігінде, оның ішінде Іле аңғарында сақтар мен үйсіндердің мәдени қауымдастығы қалыптасып өмір сүрді. Зерттеуші ғалымдар ортасында «Сақтар көшпенді халық болды» деген көзқарас көптеген жылдар бойы басым болып келген еді. Бірақ, археолог зерттеушілеріміздің бірталай Сақ қоныстары мен қалаларына жүргізген зерттеу еңбектері бұл пікірдің өзгеруіне себепші болды. Алматы қаласы аймағы мен Іле Алатауы баурайындағы тұрақ – қоныстарды зерттеу кезінде көшпеліліктің негізі болған мал шаруашылығымен қатар олар үшін отырықшы – егіншіліктің де қалыптасып отырып келе жатқандығы дәлелденді. Олар мал өсірумен, егіншілікпен қатар қыштан ыдыстар жасап, зергерлікпен де айналысты. Оған айғақ ретінде көшпенділер мен жартылай көшпелілер



болсақ б.з.б. III – б.з. V ғасырлар аралығында, яғни бір ғана Үйсін мемлекетінің қоластында 20-дан астам қаланың болғандығы жайлы деректер бар, одан кейінгі даму кезеңі б.з. VIII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырлар аралығына тұспа-тұс келіп тұр. Оның себебі, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың халықаралық сауда ықпалымен дамуы артып, осы кезеңде гүлдену шегіне жеткен шағы еді. Ал, X ғасырда Іле алқабындағы керуен жолдары өз қызметін жоғары қарқынмен атқарғаны жайында көптеген мәліметтер баршылық. Қазақ жерін мекендеушілер – үйсіндер, қаңлылар, соғдылар мен түркі тайпалары болғандығы әлдеқашан дәлелденген. Жалпы алғанда туған өлкеміз Жетісудың бүкіл аумағын екі ірі географиялық ауданға бөлеміз:

1) Солтүстік – шығыс жағы (Іле алқабы)

2) Оңтүстік – батыс жағы (Шу – Іле өзендерінің аралығы)

Осынау – Іле, Шу, Талас өзендері алқабының табиғи ерекшелігі отырықшы және көшпелі қоғамдардың ұзақ уақыт қатар тіршілік етіп дамуына оңтайлы жағдай туғызды. Кейінгі X–XII ғасырлар аяғында Жетісу Қарахан мемлекетінің құрамына енді. Сол кезеңдегі Іле алқабында қалалық өмір мен сауданың жандануына септігін тигізген Шығысқа шығар басты қақпа саналған халықаралық Жібек жолы еді. Бұл кезде сауда мен кәсіпшіліктің қарқынды дамуы отырықшылық мәдениетте жалғасын тауып, жаңа орталықтардың ашылуымен бірге көптеген елді мекендердің пайда болуына ықпал етіп қалалардың қатары өскен. Оған дәлел ретінде – Көксу бойындағы Қойлық, Іле өзені алқабында Екіөгіз, Талғар қаласы маңындағы Талхиз, ежелгі Жаркент жеріндегі – Жаркент, Алмалық,

Ілебалық (Үшаралауылының солтүстік – шығысы) т.б. қалаларының бой көтеруді айтсақ та жетіп жатыр. Және де бұл қала, кенттер тақыр жерде пайда болған жоқ, керісінше бұрынғы елді мекендердің орнында ғасырлар бойғы тіршілігін жалғап, заман ағымына сай гүлденіп, жандана түсті.

Және де ғалымдарымыздың соңғы зерттеулерінің көрсеткіші бойынша – Оңтүстік Қазақ жерінде 37 қала орны, Жетісудың оңтүстік батысында 36 қала жұрты анықталса, ал солтүстік – шығысында 70 қаланың орны табылып отыр. Тарихшы ғалымдар осы орта ғасырлық мерзімге жататын қала, кенттерді негізінен үш топқа бөліп қарастырады:

- 1) аумағы 30 га асатын;
- 2) көлемі 10–30 га дейін жететін;
- 3) аймағы 10 га жетпейтін қала, кенттер.

Және бұл саладағы тағы бір ерекшелік қоғамдағы әлеуметтік таптық жіктелудің болғандығы, соған сәйкес жалпы орта ғасыр қалаларының құрылымы 3 бөліктен тұрған:

- A) орталығы (цитадель) – байшонарлар мекені;
- B) екінші дәрежелі үйлерде – орташалар мен қолөнершілер;
- C) сыртындағы үшінші бөлікте – егіншілер, кедейлер тұрды.

Бабалардан мирас болған киелі Жетісу жерінен кең – байтақ Шығыс пен Батыс өлкелерін байланыстырушы Ұлы Жібек жолының өтуі, осынау өлкемен қоса жазиралы Жаркент аймағына да өзінің саяси және экономикалық ықпалын тигізіп отырғандығы аян.

Енді Жаркент қаласы тарихы жайында сөз қозғасақ, қайтадан байырғы Сақ заманына ораламыз. Себебі, тарих ғылымына сүбелі үлес қосқан атақты ғалымдарымыз – В.В. Бартольдтың, Н.Я. Бичуриннің, П.П. Румянцевтің және отандық



білдіреді екен), Шежін т.б. өзендер маңына қоныстанып ғұмыр кешкен. Тіршілік пен шаруаға қолайлы тамылжыған ауа-райы, асқақ таулары мен асау өзендері, құнарлы жері мен шүйгін шөбі, жалпы аймақтың үштен екі бөлігінен артық аумақты құрайтын қыстық және жаздық төрт түлікке жайлы жайылымдары, оған қоса әсем табиғаты әрдайым адам жанына рахат сыйлаған қасиетті өңір.

Бұл бір айтыла салған әшейін сөз емес ағайын, себебі: араб, парсы, қытай, т.б. елдердің оқымыстылары мен саяхатшыларының жазба мәліметтері мен ғылыми шығармалары, қазақ ауыз әдебиетімен қатар мұражайларда саң басқан мемлекетаралық келісімшарттар қағаздары және археологиялық заттай деректер арқылы ғылыми түрде зерттеліп, зерделенген дүниелер. Кешегі күнге дейін «қазақтың ата-бабасы тек көшпелілікпен ғана өмір кешкен» деген отарлық жылдарда пайда болып, біршама ұрпақтың санасын улап келген негізсіз қағиданы

мәдениетінің археологиялық ескерткіштері – Есік қорғаны мен Бесшатыр обалары және Үйсіндердің қыстақ – тұрақтарына жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған – суландыру жүйелеріне жататын тоған, арықтардың, түрлі дәнді – дақылдар тұқымдарының қалдықтары мен орақ, соқалардың, дәнүккіштердің, т.б. шаруашылық құралдары дәлел. Және бір ескере кететін ерекше жағдай, көне Қытай деректерінде қазіргі «Жоңғар Алатауы» аталып жүрген таудың Үйсінтау аталғандығы туралы тың мәліметтер сақталған. Нәтижесінде, Жетісудың, қала берді бүкіл Қазақ даласының өзіндік бірегей далалық өркениеттің алтын бесігі болғандығы анықталып мойындалды. Бұл өркениет заман ағымына сай – диқан мен малшы, қала мен дала мәдениеттерін біте қайнастырып бойына сіңіре білді.

Кезекті болжамымыз бойынша біз сөз етіп отырған өлкедегі қала, кенттердің жедел қарқынмен қалыптасуын Үйсін дәуірінен бастар



тарихшы К.Ақышевтың, тағы басқа зерттеушілердің ғылыми дәлелдері бойынша «...қазіргі Жетісуды, оның құрамындағы Жаркент өңірін б.з.д. VII–III ғасырларда сақ тайпалары мекен еткен» деген тұжырымдамалары бар. Одан бергі дәуірлерде жоғарыда айтып өткеніміздей бұл өлкеде Үйсіндер өмір сүрді. Және бір дерек, осыдан мың жылдан аса уақытта Таяу Шығыстағы Иерусалимде өмірге келіп, мұсылман жұртының көпшілігін аралаған араб оқымыстысы, географы – Әл-Мақдисидің ежелгі Испиджаб (қазіргі Шымкент) аймағы туралы жазып қалдырған еңбегіне жүгінсек: «...Испиджаб аймағы Мауреннахрдың (бұл жерде Оңтүстік Қазақстан) орта тұсында орналасқан. Оның Құрлұқ, Жұмышлағу, Бараб, Тараз, Балу т.б. көптеген қалалары бар дей келе (барлығы 51 қала), сөз соңын Жаркент қаласының атымен аяқтайды. Бас қаласы – Испиджаб» деп көрсетілген деректер сақталған. Бұл мәліметтің өзі оқыған адамды үлкен ойға жетелейтіні сөзсіз. Бұның жалғасы іспетті келесі көңіл аударатын тағы бір қызықты ақпарат – академик В.В. Бартольдтың «Жетісу тарихының очерктері» атты ғылыми еңбегіне қосымша көмекші құрал ретінде жасалған «Орта ғасырлар картасына» көз жүгіртсек, сол дәуірдің өзінде қазіргі Жаркенттің орнында қала болғандығы белгіленген екен. Жерлесіміз, Алашқа танымал жазушы Б. Нұржекеұлы өзінің «Өзендер өрнектеген өлке» кітабында «...қазіргі Жаркент

өте алыс емес қашықтықта екендігіне сенімім мол. Жоғарыда келтірілген арғы тарихи мәліметтерді қоя тұрып, 1856 жылы қазақ көгінде аққан жұлдыздай жарқ етіп сөнген ғалым әрі саяхатшы Шоқан Уәлихановтың өзі Құлжа мен Қашқарға аттанған сапарының 3-ші тамыз күнгі естелігінде: «Бүкіл жол бойы біз тоғайлар ішімен, арықтардың бойымен жүріп отырдық. ...Яркенд (Джаркенть), Тышқан қалаларын оң жағымызда қалдырып, Ақкентке тура тартып кеттік» деп жазып, тайға таңба басқандай етіп картаға түсіріп кетті емес пе?! Сонда бұл тарихи деректерді қайда, қалай жасырып қоймақпыз? Жылт еткенді орысқа, Кеңес үкіметіне телитін құлдық психологиядан арылатын уақыт жеткен сияқты. Неге десеңіз, кез-келген ұлтты жоюдың бір жолы оның тарихын бұрмалаудан басталады, ал, жалған тарих автохтонды ұлт үшін аса қауіпті құбылыс.


Біздің туған жеріміздің өткеніне қатысты Үйсіндердің – Шығу, Моғолстанның – Алмалық және Ллебалық (Үшарал ауылы), Дөңгене, Тышқан қалаларының, т.с.с. (білмейтініміз қаншама) көне жұрттары көптеген тарихи құпияны бауырына бүгіп жатыр-ау... Және де қолда бар архив құжаттарынан алынған мынадай ақпараттарды ұсынамыз: Патшалық Ресей кезінде Жаркент қаласы оңтүстік – шығыстағы ірі сауда және мәдени орталығы болды. Алғаш 1852 жылы Құлжа мәселесі бойынша Жаркентте Қытай мен Ресей арасындағы қарым-

1880 жылдары инженер Брусницкийді Жаркент өңіріндегі көмір, қорғасын, алтын кендерін зерттеуге жіберу жөніндегі және Өсек өзені маңындағы торф өндірісін өркендетуді жолға қою мәселесі қаралған. Және де мұнда Бурақожыр және Жаркент арасында телефон байланысын ұйымдастыру жұмыстары мен Батыс Қытайдағы Ұйғырлар, Дүнгендерді осынау аталған аймаққа көшіру мәселесі де сөз болған.

Жаркент аймағына қарасты ашылған уездік басқарма 1883–1919 жылдар аралығында қызмет жасады, сондай-ақ, бұл басқарманың архивінде жергілікті Суан тайпасы туралы мол мәліметтер сақталып қалғандығын ескерте кеткенді жөн көріп отырмын. Ал, Жетісу облыстық сотының уездік бөлімі 1889 жылы ұйымдастырылып, араға он жыл салып 1899 жылы өз жұмысын тоқтатты. Және де Жаркент учаскелік кеден басқармасы 1886 ашылып, 1916 жылы жабылса және бір сондай мекеме шекаралық Қорғас кедені 1905 жылы өз жұмысын бастап 1917 жылы Революцияның нәтижесінде патша тақтан құлағаннан кейін Уақытша үкімет тұсында таратылды. Тағы бір көңіл аударарлық ерекше жағдай 1906–1907 жылдары Жаркентте Ресей Мемлекеттік Думасы сайлауының өткізілуі. Одан кейін Кеңес Үкіметі тұсында аудан орталығы болды, кейінгі Ұлы Отан соғысында Москваны қорғаудағы көрсеткен ерен ерлігі үшін 1942 жылы Кеңес Одағының Батыры генерал И.В. Панфиловтың есімі берілді, 1991 жылғы Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары өзіндік тарихи төл атауы Жаркент болып қайта түледі.

Сөз арасында Жаркент қаласының Р. Трофимова мен Б. Назым көшелерінің қиылысының маңайындағы үйлердің бірінен шаруашылық жағдайындағы құрылыс жұмыстарын жүргізгенде 3 метр тереңдіктен көне құмыра мен көзелердің сынығының табылуы және тәжірибелі археолог, т.ғ.к. Д.Талеев мырзаның жорамалы бойынша Жаркент қаласы мен Шолақай ауылы арасында да ескі қала жұртының орны бар екендігін де айта кеткім келіп отыр. Менің өз жобалауымша көне Жаркенттің жұрты қазіргі қала тұрған жерден 5–0 шақырым шеңберлі қашықтықта жатыр.

Бірақ, үнемі есте сақтап, ұрпақ санасына ұрандай жаттататын бір нәрсе бар, ол – қазіргі Жаркент қаласы мен бүкіл Жаркент өңірі – ежелгі Сақтардан бастап Ғұндардың, Үйсіндердің, Түркілердің, және солардың тікелей ұрпағы біздердің, яғни, Қазақтардың атамекені екендігі. Ал, қазіргі таңдағы біздің көпұлтты аймаққа айналуымыздың себебін, елімізге қарсы көрші Ресей империясы мен оның мұрагері Кеңес үкіметінің басқыншылық пен жалған интернационалдықты бетперде тұтынған отарлық саясатының жемістері деп түсінген жөн. Дәл осындай ерте ғасырлық қала, кенттер мен қорған-бекіністер қатарына жататын тұрақтардың қиранды жұрттары біздің өңірде баршылық. Сондықтан да, аталмыш тарихи, рухани жәдігерлеріміздің зерттеліп ел игілігіне айналуына барлықтарыңыздың бір кісідей атсалысуларыңызды сұраймын. Себебі, осынау байырғы бабаларымыздың көзіндей болған көне шежіре, бүгінгі тарихымыз келер ұрпақтың мәңгілік мұраты мен мақтанышына айналатынына кәміл сенемін.





қаласы ежелгі Үйсін мемлекетінің астанасы болған – Шығу қаласының орны емес пе екен?» деген, өзіндік жорамалын да ұсынған.

Өткеннің көзіндей болып бізге жеткен тарихы бай қаламызды кейбір шолақ ойлы ағайындарымыз Патшалық Ресей тұсындағы, дәлірек айтсақ 1881 жылғы отаршыл әкімшіліктің (генерал-лейтенант А. Фриденің бұйрығы бойынша) қала дәрежесін заңмен бекіткен жылдан бері есептеп, Жаркенттің бұрынғы ғасырлар бойғы тарихына қиянат жасауда. Отаршыл үкімет бізге жоқ жерден жарылқап қала салып берген жоқ, ағайын! Ұлы Жібек жолы бойында орын теуіп көптеген ғасырлар бойы өзіндік керуен сарайы мен сауда орталығы болған Жаркентіміз олар келгенге дейін де қала қызметін атқарған болатын. Ал, қаланың көне жұрты қаламыздың қазіргі орнынан

қатынасты реттеуде үлкен рөл атқарған Жетісу әскери канцеляриясының әскери бөлімшесі құрылып, 1889 жылға дейін жұмыс істеді. Араға екі жыл салып Жетісу казак әскерлерінің басқармасы 1854 жылы өз қызметін бастап, аталмыш мекеме 1918 жылы Кеңес үкіметі орнаған соң жойылды. Егер Жаркент қала болмаса бұндай мемлекеттік маңызы бар нысандар, мекемелер осы жерге орналасар ма еді? Керек десеңіз, бұл Ш. Уәлихановтың Құлжаға сапарынан бұрын болған оқиғалар. Орыс үкіметінің отарлық езгісіне қасқайып қарсы тұрып есімдері аңызға айналған, Суаннан шыққан жаужүрек батырлар Әтіке – Нұржекелердің және Ұлтанбайдың ерлік істері осы жылдармен тығыз байланысты. Осы аймақтың ірі су жүйелеріне, 1874 жылы Өсек, Қорғас өзендеріне, 1880 жылы Іле өзеніне көпірлер салынды. Дәл осы



**Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,**  
Тарих ғылымдарының магистрі,  
Қазақстан Журналистер  
Одағының мүшесі.



Орбұлақ шайқасы жайлы бұрындары көп айтылмады. Ел аузындағы үзік-үзік әңгімелер ғана сол алапат майданның Ордың бұлағында өткенін дәлелдейтін. Бабалар жеңісінен бір деректің болса да тасқа басылып қалуы бек мүмкін еді, бірақ та сыңар саясат ұстанған қызыл империя қазақ ғалымдарына төл тарихын толық зерттеуге мұрша бере қоймады.

Аңызға айналып бара жатқан осы шайқастың ақиқатын ашу тек 1991 жылы белгілі майдангер жазушы Қалмұқан Исабайдың Ресей архивтерінен тапқан Г. Ильин мен К. Кучеевтің қоңтайшы ұлысынан жеткізген хабарынан мүмкін болды. Онда: «Біз барғанда қоңтайшы ұлысында болмай шықты. Өзінің күйеу баласы Көшіртайды, Абылайды (Ертіс бойындағы Абылайкентті салдырған ойрат қоңтайшысы – Қ.И), кенже інісі Шоқыр тайшыны, Қой сұлтанды, Алтынханның балаларын және басқа



## ОРБҰЛАҚТА ОЯНҒАН ТАРИХ

ұсақ тайшыларды ертіп, барлығы 50 мың әскермен Жәңгір ханның қазақ ордасы, Жалаңтөс және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен... ал Жәңгір оларға қарсы 600 адаммен шығыпты. Бір тауда ор қазып (орысша текінде «шансы» деп жазылған – Қ.И), оған 300 адам орналастырып, қолының қалған жартысын тауға жасырып Қоңтайшы шерігін күтіпті. Сол жерде алапат соғыс болып, Жәңгір хан әскері қоңтайшының 10 мың адамын жер жастандырып, үлкен жеңіске ие болады. Әскерінің қалғанын (олар әлі де 40 мыңдай) шегіндіріп әкетіп, кегін жібермеу үшін екінші рет тиіскенде, Жәңгір хан бастаған қазақ ордасының күшіне Самарқант бегі Жалаңтөс баһадүр 20 мың әскерімен көмекке келіп үлгеріп, Батыр қоңтайшы арманына жете алмай, тағы да жеңіліс табады», – деп анық жазылған. Кейіннен бұл соғыс туралы тарихшылар И.Я. Златкиннің, Вельяминов-Зерновтың, белгілі ғалым М. Тынышбаев, С. Сейфуллин, А.П. Чулошниковтардың, жалпы қазақ, жоңғар тарихына назар аударғандардың бәрінің де еңбектерінде жазылғандығы анықталып, құнды мағлұматтар кездесті. Бірақ та олардың ешқайсысы соғыс болған жерді нақтылы көрсете алмаған. Соңғы тың да соны деректерді пайдалана отырып, Жәңгір хан бастаған 600 жанкешті жауынгердің Батыр қоңтайшының өздерінен 84 есе көп әскеріне қарсы шыққан жері – Жаркент қаласының оңтүстік шығысындағы Қосқолаң тауының арасы екенін, және де сондағы жер-су аттарының аталмыш деректермен сәйкес келетінін дәлелдеп шыққан белгілі жазушы, жерлесіміз, мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржекеұлының жанкешті еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс тым әріден басталған. Жалпы-халықтық сипатқа ие болмағанымен, екі елдің арасында ірілі-ұсақты шайқастар үнемі болып тұратын. 1635 жылы болған шайқаста Жәңгір сұлтан қалмақ қолына тұтқынға түсіп, оны бір жылдан кейін атақты Қарасай батыр мен арғын Ағынтай батыр бір түнде ұрлап әкетіп, құтқарады. Сол түнде Қарасай батыр қоңтайшы екенін байқамай Батыр қоңтайшыны талдырып, Ағынтай батыр қоңтайшының қызы екен деп оның кіші әйелін көтеріп алып кетеді. Ел билеген қоңтайшыға, біріншіден, бұл аз намыс болмаса керек-ті және де өз әкесі Қарақалдың да қазаққа тұтқын болып қорлық көргені бар. Екіншіден, тұтқында болған Жәңгір біраз жайтты біліп қалған әрі бұлардың сырына да қанық-тын. Ойрат, дүрбіт, торғауыт, қалмақ тайшыларының басын қосып, ұлы хандық құрып, күннен күнге бел алып келе жатқан қазақ ордасына күйрете соққы беріп, Жәңгір хан мен Қарасай, Ағынтай батырларда кеткен есесін қайтаруды мақсұт тұтқан Батыр қоңтайшы кеудесіне кек қатып, 50 мың қолдық шерігін бастап қазақ даласына енеді. Тосын хабардан Жәңгір хан жанына бар болғаны 600-ге жуық сардарларын жинап үлгереді. Бірақ та Салқам Жәңгірдің жанына топтасқан 600 сарбаздың әрқайсысы жүзге татитын батырлар еді. Олардың ішінде Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Төртқара Жиёмбет, Қаңлы Сарбұқа, Найман Көксерек, Дулат Жақсығұл, Арғын Қомпай, Суан Елтінді, Қырғыздан Көтен мен Табай батырлар ерекше көзге түскен.

Тосыннан келген қолды тосын әрекетпен ғана тоқтатуға болатынын пайымдаған Жәңгір хан жанындағы жүрегі түкті батырларымен ақылдаса

отырып, ашық шайқасқа шыға алмайтындығын, бұларға Самарқант бегі Жалаңтөстің көмекке келіп жетуіне әлі де біраз күннің қарасы бар екенін айтып, соғыс тактикасын өзгертуді ұсынды. Жүрегі түкті дейтініміз, жаудың бес қаруын асынған 50 мың

**Барын түгендеп,  
қайтара соққы  
қылмаққа  
әрекеттенген Батыр  
қоңтайшы тағы да  
келеңсіз жайтқа тап  
болады. Бұл жолы  
Орбұлақ белінде  
бұларды ұлтарактай  
жерін жауға  
таптатпауға ант еткен  
600 батырмен бірге  
Самарқант әмірі  
Жалаңтөс баһадүрдің  
20 мың жасағы күтіп  
тұрған еді...**

атты жасағына қарсы шыққан бар болғаны 600 батырды көз алдыңызға елестетіңізші... Жойқын күшті қара дауылға қарсы тұрған талшыбық тәрізді емес пе. Сол талшыбық діні берік, тамыры терең бәйтерек болатынын көрсетті.

Жаудың тосын әрі ұрымтал жерінен соғып, біраз кідірте тұруға болатынын түсінген атақты қолбасшы жер жағдайын жақсы білетін жергілікті батырларды көмекке шақырды. Сөйтіп Іленің өткелін үнемі кесіп, қалмақтың қалың жылқысын айдап, барымта жасап жүрген Елтінді батырдың көрсетуімен қазіргі Орбұлақ белі (кейіннен халық Ордың бұлағы атап кеткен) жаудың бетін қайтаруға қолайлы орын ретінде таңдалып алынады.

Соғыс болған жер – қорғануға, шығыстан келген қарақұрым қолды қаймықпай қарсы алуға өте сәтті таңдалған орын. Өйткені күнгей беті 400–500 метрлік биіктіктегі тау сілемі, оған атты әскер түгілі жаяу адам да шыға алмайды. Тым тік орналасқан. Теріскейі Үш судың құйғаны аталатын арынды өзен. Өзен жағасы құламалы жар, құз. Ал жау бетінің

алды Қосқолаңның тарылып біткен, сәл еңіске құлдилап тартып барып көтерілген жері. Осындағы көлденең жатқан белді таңдаған Жәңгір хан әскері тау мен құздың арасындағы тар өткелектен ұзындығы 3 шақырымға жуық оқпана қазған. Осы оқпанаға 300 мергенді қалдырып, Қарасай мен Ағынтай батырлардың қолын және Жәңгір хан өзінің айналасындағы батырларды Орбұлақтың желкесінен төніп тұрған Қызылқия тауының ішіне жасырады. Тосын шабуылдан қорғануға еш дайындығы жоқ қоңтайшы әскері жердің шаңын шығарып, Жарбұлақты жағалап, Орбұлаққа құлай берістегі сайға лықси төгіліп, өрге көтерілгенде маңдайын тасқа соққандай әсерде қалды. Қарсы алдарынан зуылдаған, ысқырған жібелер ес жиып үлгергенше талай сауыттың көбесін сөгіп, қоғадай жапырып тастаған еді. Бір-біріне сендей соқтығысқан қалың әскердің сол қанаты Шыңғырлаудың құзына құлап, өздігінен мертігіп жатса, батысынан шепті бұза-жара кіріп, оңды-солды сілтеген Қарасай мен Ағынтай батырлар бастаған қазақ жауынгерлерінің қылышынан қалмақ өліктері тау болып үйіле бастаған еді. Жәңгір жасағынан мұндай тосын әрекетті күтпеген Батыр қоңтайшы шерігіне шегінуге бұйрық береді. Бұл уақытта жарқылдаған алмас қылыштар мен ысқырған жібелер 10 мыңға жуық жоңғардың жанын жәһаннамға аттандырып үлгерген болатын.

Барын түгендеп, қайтара соққы қылмаққа әрекеттенген Батыр қоңтайшы тағы да келеңсіз жайтқа тап болады. Бұл жолы Орбұлақ белінде бұларды ұлтарактай жерін жауға таптатпауға ант еткен 600 батырмен бірге Самарқант әмірі Жалаңтөс баһадүрдің 20 мың жасағы күтіп тұрған еді...

«Он бір мың бес жүз адамымнан айырылдым», – деп мойындаған екен Батыр қоңтайшы.

Қазақстанның халық жазушысы, абыз атанған Әбіш аға Кекілбаевтың Орбұлақ даласында тебірене тұрып айтқан: «Біз үшін бұл араның әр тасы киелі, әр бұтасы қасиетті. Олар бұдан үш жарым ғасыр уақыт бұрын көз көріп, құлақ естімеген ерен ерлікке куә болған. Сондағы ата мекеннің қамы үшін, ата-жұрттың бағы үшін арыстан боп алысып, жолбарыс боп жұлысқан алты жүз сайыпқыранның бәрінің бірдей аты есімізге түсіп тұрған жоқ. Бірақ бәріміздің де бойымызды кернеп тұрған – солардың қаны, ойымызды тербеп тұрған – солардың арманы, жадымыздағы – солардың өсиеті, жанымыздағы – солардың қасиеті. Бәлкім талайымыздың бет-әлпетімізде де солардың дидары тұрған шығар», – деген аталы сөзін ешқашан ұмытпақ емеспіз.

Орбұлақта оянған осы тарих – енді мәңгі халық жадында қалады. Ордабасы басындағы кеңес болмағанда халық болып ұйысып отыруымыз екіталай-тын. Ал егер де отан мен елді сүюдің жарқын үлгісі ретінде тарих қойнауына енген осы Орбұлақтағы ерен ерлік, сұрапыл шайқас қазақ халқының пайдасына шешілмегенде жер бетінен құрып кетуіміз де ғажап емес еді.



**Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,**  
Қазақстан Жазушылар және  
Журналистер одағының мүшесі.

«Қалмақтың тепкісін көп көрген, бостандық үшін көп қырғынға ұшыраған қазақтардың бір бұтағы – Суандар» дейді Талдықорған қаласының тұрғыны Ғабдолла Байнөсеров өз сөзінде. Бұл – тарихи шындық.

Атақты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін атты әйгілі кітабында, Мұқырыны өлтірген Бағай батыр екенін айта келіп: «Бек аға, – деді жылап жіберіп, – бүкіл Суанды осы Мұқыры мен оның ағайындары қанқақсатып, көрсетпеген қорлығы жоқ еді, құдайдан айналайын, бұл дүниенің қысастығы о дүниеге кетпейді деуші еді, құдай қашан ыңғайын берер екен деп жүруші едім, сәті түсті, өшімді алдым, – деп Бағай шынымен жылап жіберді», – деген жолдар бар. Жауынан кек қайтарған қайсар батырдың, елінің көрген қорлығы үшін жас баладай

Бағайым аз Суаннан, Ат жалын тартып мінгенде, Барлық елі қуанған, – деп көмекей әулие Бұхар жырау айтқандай аз Суаннан шыққан батырдың есімін ұлықтауға неге енжарлық танытып отырмыз? Ел тізгінін ұстаған азаматтар Мұқырының ата жауымыз екенін, оны өлтірген Бағай екенін білмей отыр ма? Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында бұрынғы аттарын өзгертіп, сол жер үшін қанын төгіп, жанын қиған қазақ батырларына аудан, ауыл аттарын қайтарып беріп жатқанымызда Бағай батыр неге тасада қала береді?

Бағай батырдың да қайта тірілетін уақыты болды ағайын. Батырға «Мұқыры ауылының» атын қайтарсақ ел мен жер үшін жан қиған ерлеріміздің рухы риза болары хақ.

Мен 2011 жылы «Бағай батыр» атты



Бағай батыр (1703–1733 жж)

# БАҒАЙ БАТЫРДЫ

## неге бағалай алмай жүрміз?



еңкілдеп жылап жібергені оқыған адамның жүрегін тебірентері анық. Елін сүйген ер осындай-ақ болар. Ал сол қазаққа көрсетпеген қорлығы қалмаған ата жауымыз Мұқырының аты тарихта «Мұқыры ауылы» болып қалып, оның жекпе-жекте басын алған қазақ батырының атаусыз қалғаны ащы да болса шындық. Бұл не? Тарихтың тәлкегі ме, жоқ қазақтардың бейшаралығы ма? Мақұл, орысқа бодан болып тұрған жылдары батырларымыздың атын атауға да тыйым салынды. Ұрпақ рухтанып, асқақтап кетеді деп қорықты. Ал тәуелсіздік алып, өткенімізді түгендеп, өшкенімізді жандырып, ұрпағымыздың рухы асқақ болсын деп батырларымызға ескерткіштер тұрғызып жатқан осы уақытта Мұқырының атын алып тастап Бағай батырдың есімін қоюға не тосқауыл болып тұр?

Бағай батыр аңызға құрылмай, тарихта болған адам екеніне Қазыбек бектің аталмыш кітабы, Бұхар жырау Қалқаманұлының жырлары, туыстарының бүгінге дейін жеткен әңгімелері куә. Осы деректер бойынша есептегенде Бағай 1703 жылы дүниеге келіп, 1733 жылы қаза болған.

Мұқыры ауылының жастарынан:

– Ауылдарына аты берілген Мұқыры деген кім? – деп сұрасақ, бірі «қазақтың батыры шығар» десе, енді бірі «қазақтың ақыны» деп жауап береді.

Жастарда әрине кінә жоқ. Текелі ойпатының ең көрікті жеріне орналасқан үлкен ауылға ата жауымыздың атын қойып отырғанымызды олар қайдан білсін.

«Жүзге бөлінгеннің – жүзі күйсін» деп Төле би бабамыз бүгінді болжап айтқан шығар-ау. Әйтпесе:

поэма жазып едім. Сол шығармамдағы Бағай мен Мұқырының жекпе-жегінен үзінді ұсынайын:

...Майданға Бағай жөнелді,  
Қалмақтың алып екенін  
Соқыр адам да көреді.  
Ақырып шықты алдынан –  
бой-сойына сенеді.  
Бағайдың түрін көргенде  
селт еткізді алыпты,  
Мұқыры аң-таң қалыпты.  
Бұрынғы талай ұрыста  
Байқаған осы баланы.  
Жанарынан от шашып  
Кектене бұға қараған.  
Қарасында ызғар бар,  
Жолбарыстай жараған...

...Қалмақ енді күйінді,  
найзасымен шүйілді.  
Қазақ бірақ бұлт етіп,  
сол жағына иілді.  
Бөлек досы үйреткен,  
әдісімен түйілді.  
Мұқырының сілтеген,  
найзасы ауа қармады.  
Серіппедей жас жігіт,  
талай жауды түсірген  
ойратты оңай алдады.  
Енді қалмақ ашынды,  
боқтық айтып ашулы,  
көпірме сөзбен тасынды.  
Бұған Бағай күледі,  
Торғауыт тілін білетін.  
Күлгеніне Бағайдың  
ашуға ойрат мінеді,  
қылышын алып қолына,  
көздерін қадап тігеді.  
Ұмтыла беріп қараса,  
ер үстінде қазақ жоқ,  
аңтарылып тұр еді,  
арыны қайда бастапқы?  
Шайлығып қалған жүрегі.  
Бағай батыр осылай,

кейінге күшін іркеді...  
Қалмақты шайтан түртеді,  
селт етіп аты үркеді.  
Ат бауырынан лып етіп,  
Бағай атып шығады.  
Алақтап тұрған жауына  
алдаспанын ұрады.  
Бұлғаң етіп сол сәтте,  
басы бөлек домалап,  
Мұқыры аттан құлады.  
Атқылаған қара қан,  
омырауын жуады,  
денесі жерге сұлады...  
Әлгіні көріп шұрқырап  
Қалмақтар боздап жылады.  
Көзінің жасын бұлады,  
Сөнгендей болды шырағы...


Осылай қанқұйлы Мұқырыны жер жастандырған Суан – Бәйтүгей – Жылгелді – Елшібек – Бағай батыр еді. Жасынан қайратты болып өскен жас жігіт, атасы Елтінді батырдың жанына еріп, айқасқа ерте араласты.

Қасқары ұлы Молдабай,  
Қара күші мол Бағай.  
Бәрің батыр, бәрің бек,

Тұрсың-ау ығай мен сығай, – деп Бұхар жырау Бағайдың күшті жігіт болғанын жырына қосқан. Амал қанша, Бағай үйленбей, жастай өмірден өткен. Қалай, қашан қайтыс болғаны, сүйегі қай жерде жатқаны белгісіз. «Боздағым» деп осындай жастарды айтады дейді. Ел мен жері үшін он бес жасында атқа қонып, жаумен жағаласып, өмірден ұрпақсыз өткен боздағымыз Бағай батыр тарихтан өз орнын алуға тиіс.

Ғабдулла Байнөсеровтың аталмыш мақаласында айтылған мәселеге аудан жұрты түгелдей қолдау көрсетіп отыр. Ол кісіге туыстарының атынан үлкен рахмет айтамыз.

Елбасымыздың салиқалы саясатын білгірлікпен іске асырып отырған облыс әкімі мен көзі ашық, көкірегі ояу, жүрегінде намыс оты бар ел азаматтары бұл мәселені осылай жерде қалдырмас деп сенеміз.



Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі.

## АЛМАЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Алмалы ауылы Ұлы Жібек жолы бойында жатқан көне елді мекендердің бірі. Үйсін мемлекетінің бас ордасы орналасқан Шығу (Басғұншы ауылы орны) қаласының батысқа қарай алты-жеті шақырым жерде.

Жергілікті тұрғындардың әртүрлі мақсатпен жер қазу жұмыстары кезінде табылған астық сақтайтын ыдыстардың сынықтары мен VIII–IX ғасырларға жататын шыңылтыр құмыралардың (бүтін) табылуы, сол көне дәуірдің құнды белгілері. Алмалы атануы Алмалы өзенінің бойын бұрын сыңсыған тоғай алып жатқан Қорғас суынан бастау алатын өзенінің бойындағы аңғардан ағып келген жабайы алма (Сиверс алмасы), жабайы өрік самсап өскендіктен. Алмалы ауылының батысында жүздеген жылдар тарихы бар Дөңгене қалашығының орны жатыр.

Алмалының айналасындағы Қайырма, Қарабастау, Дөңгене, Жермәлі ауылдары қосылып отызыншы жылдары шаруашылыққа біріккен. Алмалыда «Қызыл Октябрь», «Авангард» ұжымдары құрылған. Алғашында бар-жоғы бес соқасы, елу-алпыс қойы, жиырмадай күш-көлігі бар шаруашылықты Смағұл Ашаев басқарған.

Кеңестік заманның келеңсіз саясатымен қуғын-сүргінге 17 адам ұшырап, сотталып, атылып, айдауға кесілген. Кейбірі дерексіз кеткен. 2010 жылы жоғары органдарға арнайы сұрау салып, есімдерін анықтап, ақталу жөніндегі анықтамаларды отбасыларына тапсырдым. Олардың арасында менің үлкен ағам Солтанаев Ауғанбай да бар. Оның ақталуы жөніндегі анықтаманы 2017 жылы қолыма тигіздім.

Ұлы Отан соғысының майданына Алмалыдан кеткен сексеннен астам адамның елу төрті ұрыс даласында қаза тапты. Аман-есен оралғандар еңбек етіп, бейбіт күндері өмірден озды. 2017 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ауыл ортасында соғыс ерлеріне тұғырлы, еңселі ескерткіш орнатылды. Бұл күндері Басғұншы ауылдық округіне қарасты Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектебінде 745-тен астам оқушыға 75 мұғалім сабақ береді. Екі балалар бақшасында 50-ден астам бала тәрбиеленеді. Халыққа қызмет көрсететін байланыс бөлімшесі, амбулатория бар. Ауылдың ішінде бірнеше жерлерде сауда нүктелері, сұлулық салоны халық игілігіне жарауда. Нарықтық экономикаға дер кезінде бейімделген адамдар 360-тан астам жеке шаруа қожалықтарын құрып, әртүрлі дақылдарды игеруде. Жергілікті тұрғындардың қажетін өтеуге арналған екі кірпіш шығару цехі жұмыс істейді, «Алмалы-Тас» жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұстатылған қиыршық тас шығарып, тұрғындарды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуде. Еркіндіктің лебін шынайы сезінген ауылдастарым ертенгі жарқын күндеріне сеніммен қарайды.

## ▶Өңірден шыққан өнерпаз



# ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ – ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

Әбілхан Қастеев (1904–1973 жж.) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туып-өскен жері – Алматы облысына қарасты Жаркент өңіріндегі Шежін ауылы. Топырақ бұйырған жері – Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956).

Әбілхан ағамыз суретшілік пен қол-өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға өте шебер адам болыпты. Жас Әбілхан анасына көмектесе жүріп, осындай халықтық өнерді бойына дарытқан. Кейіннен суретшінің «мен өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, апамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім» деуі де осыдан болса керек.

Әбілхан Қастеев еңбек жолын Түрксіб темір жолынан бастады. Талапты жас одан кейін Мәскеуге аттанып, 1929–1936 жылдар аралығында көркемсурет студиясында Н.Г. Хлудов пен И.

Бродскийден тәлім алды. Одан кейін әртүрлі қызмет атқара жүріп, жаңадан құрылған Қазақстан Суретшілер одағын басқарды, басқарма төрағасы болды. Екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Депутаты болып сайланды. КСРО-ның жоғарғы Мемлекеттік Орден, медальдарымен марапатталды.

Әбілхан ағамыз өзінің туған елі мен жерін, отанын асқан махаббатпен, өр сүйіспеншілікпен бейнелеген ерен тұлға. Қазіргі таңда оның салған суреттері мемлекет байлығы, ұлт құндылығы болып саналады. Өнерімен өз елін де, барша әлемді де тәнті қылған атақты жерлесіміздің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде, әлемдік деңгейде атап өтілді.

«Колхоздағы сүт ферма», «Мақта жинау», «Колхоздың тойы», «Қыз алып қашу», «Сатып алынған қалыңдық», «Алтын астық», «Ақсай карьері», «Медеу мұз айдыны», «Түрксіб», «Талас жағалауы», «Қапшағай даласы» секілді құнды суреттері бар. Сонымен қатар

Кенесары Қасымұлының, Абайдың, Шоқан Уәлихановтың, Жамбылдың, Амангелді Имановтың портреттерін кескіндеп, бізге баға жетпес байлық ретінде қалдырып кетті.

**Марапаттары:**

– «Қазан төңкерісі» орденімен, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен екі рет, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

– Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері (1942).

– Қазақ КСР халық суретшісі (1944).

– Шоқан Уәлиханов атындағы Қазақ КСР-нің мемлекеттік премиясы (1967), «Қазақстан жерінде» атты туындылары үшін.

**Естелік**

– Қастеев атымен ҚР мемлекеттік өнер мұражайы, сонымен қатар бірнеше қалалардағы көшелер аталған.

– Шымкент қаласындағы көркемөнер колледжі Қастеев атымен аталған, 2009 жылы колледж алдында суретшінің ескерткіші ашылды.

– 2004 жылы Қастеевке арналға пошта маркалары шығарылды.

– Жаркент қаласында Әбілхан Қастеев атындағы мұражай бар.

## ▶ҚҰТТЫҚТАУ

## АҚ ЖҮРЕК ҰСТАЗДАРЫМЫЗҒА АҚЖАРМА ТІЛЕК



«Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» – деп К.Д. Ушинский айтқандай, мұғалім – өзінен шуақ шашқан білім нұрымен оқушыларды сусындататын, болашақты дайындайтын бірден бір тұлға. Біз, «Х. Көбіков атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ 1 «Ә» сынып қарлығаштары аталған мектептің Абдилдаева Бағдат Қожақанқызы басқаратын ұжымды, жалпы еліміздегі барша ұстаздар қауымын келе жатқан кәсіби мереке, мерейлі «Ұстаздар күнімен» шын жүректен құттықтаймыз! Білім көшін алға бастап келе жатқан ұстаздарымызға мол табыс, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, шаттық пен қуаныш тілейміз! Шәкірттеріңіз білімнің биік шыңдарынан көрініп, еңбектеріңіз ақтала берсін!

Ізгі тілекпен: 1 «Ә»сыныбының ата-аналары мен сынып жетекшісі  
**Назерке ТҰРДЫҒАЗЫ**

## ▶ҚАЗАҚ БІЛСІН

### ТАБАҚ ТАРТА БІЛЕСІЗ БЕ?



### КЕЛЕСІ НӨМІРДЕН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

◆ Әділ деп атым шыққан Дөнен едім

◆ Біз Бұрханға барғанда...

◆ Суаннан шыққан тұңғыш генерал



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
[jar-aina@mail.ru](mailto:jar-aina@mail.ru)

➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➢ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➢ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В  
Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.  
➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

**Мекен-жайымыз:**

Алматы қаласы,  
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис  
Алматы облысы, Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет әр аптаның бейсенбі күні жарыққа шығады.